

КЕҢ ТЫНЫСТЫ КЕМЕҢГЕР АҚЫН - ШОҚАН УӘЛИХАНОВ**Манабаев Нұркелді**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты Қазақ тілі мен әдебиеті бағытының 2-курс студенті

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6636360>

Аннотация. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақ ғалымы, тарихшы, этнограф, фольклортанушы, саяхатшы, ағартушы және шығыстанушы. Әскери министрлік Бас штабының Әскери-ғылыми комитетінде, Ресей империясы Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде қызмет етті.

Кілтті сөздер: қазақ ғалымы, тарихшы, этнограф, фольклортанушы, саяхатшы, ағартушы және шығыстанушы.

**ШИРОКО ДЫШАЮЩИЙ КЕМЕНГЕРСКИЙ ПОЭТ - ШОҚАН
ВАЛИХАНОВ**

Аннотация. Чокан Чингисович Уалиханов — казахский учёный, историк, этнограф, фольклорист, путешественник, просветитель и востоковед. Служил в Военно-учёном комитете Генерального штаба Военного министерства, Азиатском департаменте Министерства иностранных дел Российской империи.

Ключевые слова: казахский учёный, историк, этнограф, фольклорист, путешественник, просветитель и востоковед.

WIDE BREATHING KEMENGER POET - SHOKAN VALIKHANOV

Abstract. Chokan Chingisovich Ualikhanov – Kazakh scientist, historian, ethnographer, folklorist, traveler, educator and orientalist. He served in the Military Scientific Committee of the General Staff of the Military Ministry, the Asian Department of the Ministry of Foreign Affairs of the Russian Empire.

Key words: Kazakh scientist, historian, ethnographer, folklorist, traveler, educator and orientalist.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиеті тарихында өшпес із қалдырған қазақтың бір туар азаматы ұлы ғұлама ойшыл, ағартушы, тарихшы, кең тынысты кемеңгер ақын- Шоқан Уәлихановты ұлы жазушы ретінде танимыз. Расында да аз уақыт өмір сүрсе де көптеген мәліметтер мен қаншама туындылар жазған Шоқан Уәлихановтың өміріне көз салсақ.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың шын есімі Мұхаммед Қанафия 1835 жылы Қостанай облысы Сарыкөл ауданы, Құсмұрын алқабында дүниеге келеді. Оны жастайынан әжесі еркелетіп «Шоқаным» деп атаған содан бері Шоқан атанып кеткен. Оның жастайынан білімге деген ынтасы өте жоғары болған. Әжесі Шыңғыс Уәлиханұлы Аманқарағай ауданының аға сұлтаны болған. Сол себепті де оның үйіне көптеген данагөй билер, көрнекті өкілдер жиі-жиі қонақ болып келіп отыратын. Шоқан солар келгенде қонақтардың қасынан шықпай олардан есіткен аңыз-әңгімелер, ертегілерге, өлең-жырларды ынтық болып тыңдап отыратын. Оның әжесі Айғаным, Шоқанға тәлім-тәрбиені, білімге деген құштарлығын асыруда, үлкен ықпалын тигізген.

Шоқан негізінен хандар ұрпағында дүниеге келген оның арғы атасы Абылай хан XVII ғасырдың айбынды ханы болған. Ал атасы Уәли патша үкіметін ресми түрде

бекіткен қазақтың ең соңғы ханы. Әкесі Шыңғыс Құсмұрын ауданының аға сұлтаны, білімді адам болған. Шоқан 12 жасына дейін Құсмұрындағы мектепте оқып, мұсылманша хат таниды. Шоқан ауылдық бастауыш мектепте оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгеріп алады. Шоқанның жақын туыстарының естеліктеріне қарап отыра, ол бала кезінен -ақ білімге бейім әрі құмар болғандығын аңғарамыз.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІКТЕРІ

Шоқанның әкесі 1834 жылы Омбыда Сібірдің қазақ әскери училищесін бітіріп шығады. Содан кейін орыс армиясында жоғары әскери шен - полковник атағын алады да Қазақстанды басқару аппаратында біршама жауапты қызметтерді атқара отырады: Құсмұрын округінің аға сұлтаны, Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болып тағайындалады. Ресейдің алдында сіңірген еңбектері үшін оған өмірлік мұра ретінде «дворян» атағы берілді. Шоқанның анасы жағынан туыс нағашылары — Баянауыл өлкесіндегі атақты Шормановтар әулеті болған. Шорманов Мұса орыс армиясының полковнигі, белгілі қазақтың арқа сүйер бийі, Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болған.

Шоқанның өмір жолындағы ең керемет және есте қаларлықтай орны Омбыдағы Кадет корпусы болатын. Аталмыш оқу орнына оның әкесі Шыңғыс 1847 жылы әкеп орналастырады, ол кезде Шоқан не бәрі 12 жаста болған. Шоқанның келешегі мен бар талантын ашылуына үлкен үлес қосқан оқу орны десекте адаспаймыз. Бұл жерде жабық әскери орны болғаны мен көптеген пәндерді әскери сабаққа қоса өтетін болған. Ол жерде орыс тілі мен әдебиеті, физика, математика, философия, география, тарих пәндері жетік меңгерілер еді.

Шоқан Кадет корпусына алғаш келген кезінде орыс тілін мүлде білмейтін еді. Бірақ білімге деген ынтасы, зеректігінің арқасында тезде меңгеріп алады. Шоқанның корпуста бірге оқыған жақын досы Г.Н. Потанин: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді... Оның күшті талантына талайлар-ақ тәнті болды. Ол Кадет корпусына түспей тұрып-ақ сурет сала алатын еді», - деп айтады. Оған өте ұнаған үлгі тұтқан ұстаздарының бірі - орыс тілі әдебиеті пәнінен беретін Костылецкий мен тарих пәнінің оқытушысы Гонсевскийлер үлкен көмек қолын созды. Ол Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Герцен, Белинский тағыда басқа орыс классиктерін және батыс әдебиетінен Диккенс, Теккерей, Руссо шығармаларын, «Современник» журналын үзбей оқып отырған, Шоқан ол жазушы, ақындардың шығармаларынан әлемде болып жатқан барлық құбылыс дәстүрлерді біліп отырған.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Шоқан Уәлиханов Кадет корпусындағы оқуының соңғы жылдарында-ақ өзінің ел жұртына деген сүйіспеншілігі, терең ойымен жоғары білімі өзіндік көзқарсы өзгере түскендігін, туған халқының қажет-мұқтаждығын пайымдап, не қажет екенін сезіне алатындығын танытты. Ол орыс әдебиеті мен тілі және тарих пәндерін жетік меңгеріп, сол саладағы тұжырымдарды озық меңгере алатын, ғылыми пайымдауды жетік үйрене түскен болатын. Оның зерттеушілік қабілеті де осы корпуста оқып жүргенде біртіндеп дами түскен еді. Ол әсіресе жазғы демалыс кезінде өз ауылында жүрген уақытында ел ауызындағы аңыз-әңгімелерді, қисса-дастандарды, өлең-жырларды, жинап қағаз бетіне түсіріп жүрді. Оның ең алғашқы туындыларының бірі қазаққа әйгілі шығармалардың бірі

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» шығармасы еді. Шоқанның бұл қабілетіне, дарынына тәнті болған орыстың әйгілі ғалымы Петербург университетінің профессоры И.И.Березин бұл зерттеулерге назар аударып талантына қызыға қарайды. Шоқанның зерттеушілік қабілетін байқаған ғалым оны өз тарапынан ескі жазу ескерткіштерін зерттеуге өз жанына алады. Сол кездің өзінде оның бойында тағын бір зор дамыған сурет салу дарыны сезіліп тұратын. Ол бос уақытының көбін сурет салуға жұмсайтын, суреттері өзі туылып өскен Сырымбеттің тоғай, қырлары кең жайлаулары, қоныстарын бейнелейтін деп суреттейді. Г.Н.Потанин: «Біз бірге оқып жүргенде менің дәптерімнің барлығын өз жазбаларымен толтыратын. Ол сұңқарды қалай баптау қалай қарау керектігін өте жақсы білер еді. Дауылпаз бен сұңқардың суреттерін салып ол маған жазбаларымды толықтыруға көмек берер еді»-деген болатын.

ТАЛҚАЛАУ

Ол Кадет корпусын бітірген соң 1853 жылы он жеті жасқа аяқ басқанда, батыс Сібір генерал губернаторының жанына жұмысқа қабылданды. Бір жыл өтер өтпес, ол шығыс аудандарын басқаратын генералдың адъютанты болып тағайындалды. Одан кейін 1854 жылы Орталық Азияға саяхат жасап сол жердегі халықтардың тарихын, этнографиясын, халықтың тұрмыс-тіршілігін зерттеуге өз үлесін мол қосты. 1856 жылы полковник М.М.Хоментовский басшылығындағы әскери-ғылыми Ыстықкөл экспедициясына қатысып, қырғыз елінің тарихы мен дәстүрін зерттейді. Әлем ғалымдары арасында тұңғыш рет "Манас" эпосының ең шұрайлы бөлігі "Көкетай ханның ертегісі" жырларын халық арасынан жазып алады. Ол Ыстықкөл сапарында бір шығармаларды емес одан да басқа материалдарға ие болды: «*Жоңғария очерктері*», «*Қырғыздар туралы жазбалар*», «*Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы*», «*Ыстықкөл сапарының күнделігі*», «*Қытай империясының батыс өлкесі мен Құлжа қаласы*» осы еңбектерді ізденіп тауып қағаз бетіне түсіруге қол жеткізді.

Шоқан Семей, Аягөз, Алматыға да келіп қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинап қағаз бетіне түсірді.

Оның саяхаттарының, зерттеулерінің ішіндегі ең қомақтысы және ең қауіптісі болған саяхаты Қашқарияға болған сапары еді. Шоқанға дейін бұл жерді бірде бір ғалым зерттемеген еді. Оның тым биікке көтерілуіне себепші болған сапары еді. Ол жерге Шоқан саудагер ретінде кіріп келді, Қашқарияның экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинауға қол жеткізді.

Қашқарияға сапарынан кейін Сыртқы істер министрінің арнайы шақыруымен Петербургта бір жылдай жұмыс істейді. Өкінішке орай ол «Туберкулез» ауыруымен ауырып Сырымбетке қайта оралады. Ол өз еліне келгенде халқының екі жақтан езілгенін көріп 1862 жылы Атбасар округының аға сұлтаны болуға тырысты. Бірақ бұл арманына жете алмады. Ол қарсыласынан көп дауыс жинаса да, жоғарыда отырғандар оның беделі мен абыройы биіктеп кетеді деп, жалған ақпаратпен оның өкпе ауыруы қайта қозып, науқас болғаны үшін қызметтен бас тартты деген өтірік ақпаратпен оны бұл лауазымға қоймады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ол одан кейін ауылда біршама болады да сосын 1864 жылы көктемнің күнінде Шоқанды полковник Черняевтің шақыруымен Әулиеата жорығына қосып қояды. Орыс

империясының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны өз қармағына қарту мақсатында жасалған бұл жорыққа Шоқанды аудармашы ретінде қызмет атқаруға қояды. Ол жерде халыққа жасаған зұлымдықты көрген Шоқан орыстардан ренжіп өз еліне қайтады. Еліне қайтқан Шоқан үйленуге бел буады. Ол Тезекті төренің ауылына келіп қонады. Ол сол жердегі Тезектің немере қарындасы Айсарамен шаңырақ көтереді. Үйленгеніне көпте болмаған Шоқан бұрынғы өкпе ауыруы қайта қозып 1865 жылы мерт болады.

Көп өмір сүрмесе де көп шығармалар жазып, қазақ халқына аса көп асыл мұралар қалдырған тарихшы елге еткен мұраларын біз ұрпақтары мақтан тұтып айта жүреміз!!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асфандиярова М. «Манас» және Шоқан. //Алматы ақшамы 1997 ж. 5 қараша.
2. Бегалин С. Шоқан асулары. Алматы, Жазушы- 1971 ж.
3. Бейсенова Ә. Жиханкез. //Егемен Қазақстан. 2005 ж. 8-қыркүйек.
4. Бікебаева Н. Ш.Уалиханов – ғалым, ағартушы. //Қазақстан Тарихы. 2001. № 1.
5. Бердібаев Р. «Шоқан Уалиханов және қырғыз ауыз әдебиеті.» //Қазақстан мектебі 1989 ж. №1. 43-50 б.
6. Букетов Е. “Ұлы мұрат мұрагері.» //Мәдениет және тұрмыс 1989ж. №9